

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҒЫЛЫМ
ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ
КЕАҚ «АХМЕТ БАЙТҰРСЫНҰЛЫ АТЫНДАҒЫ
ҚОСТАНАЙ Өңірлік университетінің»
Өмірзақ Сұлтанғазин атындағы
педагогикалық институты



BAHTURSYNULY
UNIVERSITY

«ЗАМАНАУИ БІЛІМ БЕРУДЕГІ
ДӘСТҮРЛЕР МЕН ИННОВАЦИЯЛАР»
АТТЫ СҰЛТАНҒАЗИН ОҚУЛАРЫ
ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ-ПРАКТИКАЛЫҚ
КОНФЕРЕНЦИЯ МАТЕРИАЛДАРЫ

СУЛТАНГАЗИНСКИЕ ЧТЕНИЯ
«ТРАДИЦИИ И ИННОВАЦИИ
В СОВРЕМЕННОМ ОБРАЗОВАНИИ»
МАТЕРИАЛЫ МЕЖДУНАРОДНОЙ НАУЧНОЙ –
ПРАКТИЧЕСКОЙ КОНФЕРЕНЦИИ

г. Костанай, 20.11.2025 г.

УДК 37.0
ББК 74.00
3 - 21

РЕДАКЦИЯ АЛҚАСЫ/ РЕДАКЦИОННАЯ КОЛЛЕГИЯ

Куанышбаев Сеитбек Бекенович, Ахмет Байтұрсынұлы атындағы Қостанай өңірлік университетінің Басқарма Төрағасы – Ректоры, география ғылымдарының докторы, Қазақстан Педагогикалық Ғылымдар Академиясының мүшесі; **Наурызбаева Эльмира Кенжеғалиевна** Ахмет Байтұрсынұлы атындағы Қостанай өңірлік университетінің Академиялық мәселелер жөніндегі проректоры, Басқарма мүшесі, тарих ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор (доцент); **Жарлығасов Женис Бахытбекович**, Ахмет Байтұрсынұлы атындағы Қостанай өңірлік университетінің Зерттеулер, инновация және цифрландыру жөніндегі проректоры, ауыл шаруашылығы ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор; **Сильвия Адамцова**, гуманитарлық ғылымдар магистрі, философия докторы (PhD), Экономикалық университеті Братиславада, Словакия; **Сухов Михаил Васильевич**, техника ғылымдарының кандидаты, Оңтүстік- Орал мемлекеттік университетінің (ОМУ) доценті, Челябині, Ресей; **Радченко Татьяна Александровна**, жаратылыстану ғылымдарының магистрі, А.Байтұрсынұлы атындағы Қостанай өңірлік университетінің «Физика, математика және цифрлық технологиялар» кафедрасының меңгерушісі; **Алимбаев Алибек Алпысбаевич**, PhD докторы, А.Байтұрсынұлы атындағы Қостанай өңірлік университетінің «Физика, математика және цифрлық технологиялар» кафедрасының профессор ассистенті; **Телегина Оксана Станиславовна**, А.Байтұрсынұлы атындағы Қостанай өңірлік университетінің «Физика, математика және цифрлық технологиялар» кафедрасының аға оқытушысы; **Шумейко Татьяна Степановна**, педагогика ғылымдарының кандидаты, А.Байтұрсынұлы атындағы Қостанай өңірлік университетінің «Физика, математика және цифрлық технологиялар» кафедра профессорының.

3- 21

«Заманауи білім берудегі дәстүрлер мен инновациялар»: «СҰЛТАНҒАЗИН ОҚУЛАРЫ-2025» Халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференцияның материалдары, 2025 жылдың 20 қараша. Қостанай: Ахмет Байтұрсынұлы атындағы Қостанай өңірлік университеті, 2025. – 1322 б.

«Традиции и инновации в современном образовании»: Материалы международной научно-практической конференции «СУЛТАНҒАЗИНСКИЕ ЧТЕНИЯ-2025», 20 ноября 2025 года. Костанай: Костанайский региональный университет имени Ахмет Байтұрсынұлы, 2025 – 1322 с.

ISBN 978-601-356-621-4

«Сұлтанғазин оқулары–2025» Халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференциясының материалдар жинағында білім берудің заманауи даму бағыттары, цифрлық трансформация жағдайындағы педагогикалық үдерістер және білім беру мазмұнын жаңғырту мәселелері қарастырылады. Отандық және шетелдік авторлардың мақалаларында педагогикалық және жаратылыстану-ғылыми білім беру, құзыреттілікке негізделген оқыту, интерактивті және инновациялық педагогикалық технологиялар, сондай-ақ білім алушылардың кәсіби, мета- және цифрлық құзыреттерін қалыптастыру мәселелері талданады. Жинақта жоғары білім беру жүйесінде жасанды интеллект пен цифрлық құралдарды қолдану, болашақ педагогтар мен ХХІ ғасыр мамандарын даярлаудың практикалық бағдарлы модельдері ерекше назарға алынады. Жинақ ғалымдарға, жоғары оқу орындарының оқытушыларына, докторанттарға, магистранттар мен студенттерге, сондай-ақ заманауи білім беру мәселелеріне қызығушылық танытатын мамандарға арналған.

Сборник материалов Международной научно-практической конференции «Султангазинские чтения–2025» отражает современные научные подходы к развитию образования в условиях цифровой трансформации и глобальных изменений. В статьях отечественных и зарубежных авторов рассматриваются проблемы и перспективы педагогического и естественно-научного образования, компетентностно-ориентированного обучения, интерактивных и инновационных педагогических технологий, а также формирования профессиональных, мета- и цифровых компетенций обучающихся. Особое внимание уделяется роли высшего образования в подготовке педагогов и специалистов XXI века, вопросам внедрения искусственного интеллекта, цифровых инструментов и практико-ориентированных моделей обучения. Сборник предназначен для учёных, преподавателей высших учебных заведений, докторантов, магистрантов и студентов, а также специалистов, интересующихся актуальными направлениями развития современного образования.

ISBN 978-601-356-621-4



УДК 37.0
ББК 74.00

© Ахмет Байтұрсынұлы атындағы Қостанай өңірлік университеті, 2025
© Костанайский региональный университет имени Ахмет Байтұрсынұлы, 2025

References

1. Regulation (EU) 2016/679 of the European Parliament and of the Council (General Data Protection Regulation — GDPR). Official Journal of the European Union, 2016.
2. Health Insurance Portability and Accountability Act (HIPAA). U.S. Department of Health & Human Services, 1996.
3. Ministry of Health of the Republic of Kazakhstan. Law of the Republic of Kazakhstan “On Personal Data and Its Protection.” Astana, 2013 (with amendments as of 2022).
4. Alzhanova, A., & Sarsembayeva, G. Data Protection and Cybersecurity in Kazakhstan’s Healthcare Sector. *Journal of Health Law and Policy*, 2023.
5. Schmidt, H., & Müller, L. Cybersecurity Challenges in Dental Practice Management Systems. *International Journal of Medical Informatics*, 2021, 156: 104634.
6. Imasheva, Z., Abu Muamar, H., & Izbasarovna, D. Awareness of Data Protection Among Dental Students at KazNMU. Internal Faculty Survey Report, Almaty, 2024.
7. Alimbayeva, D. Digital Transformation in Dentistr

УДК 372881111

ИНКЛЮЗИВТІ БІЛІМ БЕРУДЕ ЦИФРЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫҢ РӨЛІ

Ульжебаева Лэззат Кенжебаевна

Қостанай облысы әкімдігі
білім басқармасының
«Қостанай қаласы білім бөлімінің №7
жалпы білім беретін мектебі» КММ,
қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі,
зерттеуші –педагог,
Қостанай қаласы, Қазақстан

Исенова Рая Исимбаевна

Қостанай облысы әкімдігі
білім басқармасының
«Қостанай қаласы білім бөлімінің №7
жалпы білім беретін мектебі» КММ,
қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі,
зерттеуші –педагог,
Қостанай қаласы, Қазақстан

Аңдатпа

Өзектілігі және мақсаты: сандық технологиялар инклюзивті білім беруді қолдай отырып, ерекше білім беру қажеттіліктері бар балалардың толыққанды қатысуын қамтамасыз етеді және әлеуметтік интеграцияны жетілдіреді. Инклюзивті білім беру, өз кезегінде, әр балаға жеке тәсілмен қарауды талап етеді, ал сандық шешімдер бұл процесті оңтайландырады. Заманауи технологиялар, мысалы, виртуалды оқыту платформалары, арнайы бағдарламалар мен қосымшалар, білім алушылардың оқу стиліне және қабілеттеріне сәйкес бейімделуге мүмкіндік береді. Мақалада инклюзивті білім беру үшін сандық технологияларды қолдану тәсілдерін зерттеу, тиімділігін анықтау және іске асыру жолдары мен рөлі ұсынылады.

Түйінді сөздер: сандық технологиялар, инклюзивті білім беру, тең мүмкіндіктер, қолжетімділік, педагогикалық қолдау.

Аннотация

Актуальность и цель: цифровые технологии обеспечивают полноценное участие детей с особыми образовательными потребностями и совершенствуют социальную интеграцию, поддерживая инклюзивное образование. Инклюзивное образование, в свою очередь, требует индивидуального подхода к каждому ребенку, а цифровые решения оптимизируют этот процесс. Современные технологии, например, платформы виртуального обучения, специальные программы и приложения, позволяют адаптироваться обучающимся в соответствии со стилем и способностями обучения. В статье предлагаются пути исследования, определения эффективности и роли применения цифровых технологий для инклюзивного образования.

Ключевые слова: цифровые технологии, инклюзивное образование, равные возможности, доступность, педагогическая поддержка.

Abstract

Relevance

Goal

Digital technologies ensure the full participation of children with special educational needs and enhance social integration by supporting inclusive education. Inclusive education, in turn, requires an individual approach to each child, and digital solutions optimize this process. Modern technologies — such as virtual learning platforms, specialized programs, and applications — enable adaptation to learners' styles and abilities. The article proposes ways to study, determine the effectiveness, and explore the role of digital technologies in inclusive education.

Keywords: digital technologies, inclusive education, equal opportunities, accessibility, pedagogical support.

XXI ғасырдағы білім беру жүйесінің басты бағыты – инклюзивті және цифрлық трансформацияланған орта құру. Білім беру жүйесі жаһандық технологиялық үдерістермен тығыз байланыста дамып келеді. Соның ішінде инклюзивті білім беру – ерекше білім берілуіне қажеттілігі бар (ЕБҚ) балалардың сапалы білім алуына тең мүмкіндік ұсынуға негізделген маңызды бағыттардың бірі. Инклюзивті оқыту тек педагогикалық тәсіл ғана емес, сонымен бірге әлеуметтік әділеттілік пен адам құқықтарын қамтамасыз етудің құралы болып табылады. Осы тұрғыда цифрлық технологиялар инклюзивті білім беру сапасын арттыруда шешуші факторға айналып отыр. Цифрлық ортада ұйымдастырылған сабақтар тек танымдық мақсатқа емес, сонымен қатар әлеуметтік интеграция мен эмоционалдық қолдауға да ықпал етеді.

Инклюзивті білім беру – әрбір баланың жеке ерекшеліктерін, танымдық қабілеттерін және даму қарқынын ескере отырып, барлығына тең мүмкіндіктер ұсынуға бағытталған жүйе. Оның негізгі қағидаттарына мыналар жатады: білім беру процесінде

дискриминацияны болдырмау, жеке оқу траекториясын құру, қолжетімді орта қалыптастыру, педагогтардың кәсіби бейімделуі және ата-аналармен серіктестік.

ЕБҚ балалардың оқу іс-әрекеті дәстүрлі тәсілдермен шектелген жағдайда, олардың әлеуеті толық ашылмай қалуы мүмкін. Сондықтан педагогикалық үдеріс инклюзивті қағидаттарға сүйеніп, әр баланың жеке даму ерекшеліктерін, қабылдау қарқынын және танымдық қабілеттерін ескеруге бағытталуы тиіс.

Осы тұрғыда цифрлық технологиялар оқу материалдарын бейімдеудің тиімді құралына айналады. Цифрлық ресурстардың басты артықшылығы – олардың икемділігі мен қолжетімділігі. Олар оқыту процесін икемді, визуалды және интерактивті сипатта ұйымдастыруға мүмкіндік береді.

Дегенмен, бұл қағидаттарды іске асыру үшін дәстүрлі әдістер жеткіліксіз. Осы тұста ақпараттық-коммуникациялық технологиялар (АКТ) ерекше рөл атқарады.

Сонымен қатар, цифрлық технологиялардың инклюзивті білім беруде маңыздылығы байқалады.

1. Бейімделген оқу материалдарын ұсыну – әрбір білім алушының жеке қабілеттері мен ерекше білім беру қажеттіліктеріне сәйкес мазмұнды икемдеп, оқу процесін барынша қолжетімді әрі тиімді етуге бағытталған инновациялық тәсіл. Цифрлық платформалар оқушылардың көру, есту немесе моторика ерекшеліктеріне бейімделген контент ұсынуға мүмкіндік береді. Мысалы, экрандық дикторлар (screen readers), сөйлеуді мәтінге айналдыратын жүйелер, ірі қаріптер мен контрастты интерфейстер көру қабілеті төмен оқушыларға ыңғайлы орта жасайды. Мысалы, VoiceOver, JAWS, TalkBack сияқты бағдарламалар көру қабілеті төмен балалар үшін, ал Speech-to-text технологиясы есту қабілеті шектеулі балаларға арналған тиімді құрал болып табылады.

Арнайы платформалар мен қосымшалар арқылы оқу материалдарын әр баланың қажеттілігіне қарай өзгертуге болады: қаріп өлшемін үлкейту, дыбыстық сүйемелдеу қосу, түстік контраст орнату, мәтінді аудио немесе видео форматында беру.

Ойын технологияларына негізделген цифрлық орта балалардың назарын шоғырландырып, танымдық белсенділігін арттырады. Интерактивті тақталар, Kahoot, LearningApps, Wordwall сияқты платформалар оқу процесін қызықты әрі тиімді етеді. Ерекше балалар үшін мұндай тәсілдер мотивацияны күшейтіп, оқу барысына белсенді қатысуға мүмкіндік береді.

2. Қашықтықтан және аралас оқыту мүмкіндігі.

Пандемия кезеңі цифрлық білім беру құралдарының инклюзивтілікті қамтамасыз етуде қаншалықты маңызды екенін дәлелдеді. Онлайн

платформалар (Google Classroom, Moodle, BilimLand және т.б.) арқылы оқушылар үй жағдайында да сапалы білім ала алады.

Сонымен қатар, денсаулық жағдайына байланысты мектепке бара алмайтын балалардың да білім алуына мүмкіндік береді. Google Classroom, Zoom, BilimLand және Mектеп Online платформалары осы мақсатта кеңінен қолданылады.

3. Диагностика және мониторинг жүйелері.

Цифрлық технологиялар арқылы оқушылардың білім деңгейін, даму динамикасын, танымдық белсенділігін нақты деректер негізінде талдау мүмкіндігі пайда болады. Бұл жеке оқу жоспарын құруға және педагогикалық түзету шараларын нақтылауға көмектеседі.

4. Коммуникативтік және әлеуметтік бейімделу құралдары.

Арнайы мобильді қосымшалар мен интерактивті бағдарламалар ерекше қажеттілігі бар балалардың қарым-қатынас жасау қабілеттерін дамытуға, әлеуметтік ортаға бейімделуіне жәрдемдеседі.

5. Инклюзивті ортада қолданылатын цифрлық құралдардың мысалдары Assistive technologies (көмекші технологиялар): JAWS, NVDA, TalkBack, VoiceOver секілді бағдарламалар көру қабілеті шектеулі балаларға арналған.

- AR және VR технологиялары: виртуалды шындық құралдары ерекше балалардың әлемді қауіпсіз жағдайда зерттеуіне, когнитивтік және моторлық дағдыларын дамытуға мүмкіндік береді.

- Интерактивті тақталар мен сенсорлық панельдер: оқу үдерісін визуалды және кинестетикалық тұрғыдан қолжетімді етеді.

- Gamification элементтері: ойын арқылы оқыту тәсілдері мотивацияны арттырып, ерекше балалардың назарын тұрақтандыруға көмектеседі.

6. ЕБҚ (ерекше білім беруді қажет ететін) балалардың цифрлық технологияларды қолданудағы ерекшеліктері олардың даму ерекшеліктеріне, танымдық және физикалық мүмкіндіктеріне байланысты айқындалады. Төменде негізгі ерекшеліктер келтірілген:

1. Танымдық ерекшеліктер.

Ақпаратты қабылдау мен өңдеу қарқыны баяу болуы мүмкін, сондықтан интерфейс қарапайым, көрнекі және нақты болуы қажет.

Назарды ұзақ ұстай алмауы — бағдарламалар қысқа, интерактивті және ойын түрінде болғаны тиімді.

Есте сақтау қабілетінің ерекшелігі — қайталанатын, визуалды материалдар жақсы нәтиже береді.

2. Қимыл-қозғалыс және моторика ерекшеліктері.

Кейбір балаларда ұсақ моторика бұзылыстары болғандықтан, сенсорлық экран, ірі батырмалар, дауыс арқылы басқару (voice control) секілді технологиялар ыңғайлы.

3. Есту және көру қабілетінің шектеулері.

Есту қабілеті бұзылған балалар үшін — бейнелерге субтитр, мәтіндік хабарламалар, визуалды белгілер қажет.

Көру қабілеті бұзылған балалар үшін — дыбыстық нұсқаулықтар, экранды оқу бағдарламалары (screen reader), қаріптің өлшемін үлкейту маңызды.

4. Коммуникативтік және әлеуметтік дағдылар.

Кейбір ЕБҚ балаларына (мысалы, аутизм спектріндегі) әлеуметтік өзара әрекеттесуді үйрететін цифрлық құралдар тиімді (әлеуметтік әңгімелер, эмоцияны тану ойындары).

Коммуникация қиын болған жағдайда ААС технологиялары (augmentative and alternative communication) — суреттер, пиктограммалар, арнайы планшеттік қосымшалар қолданылады.

5. Мотивация және эмоционалды қолдау.

Цифрлық технологиялар ойын, марапат, визуалды кері байланыс арқылы баланың қызығушылығын арттыра алады.

Оң эмоциялар мен жетістіктерді көрсету баланың өзін-өзі бағалауына оң әсер етеді. Педагогтің рөлі мен оның цифрлық құзыреттілігі – инклюзивті білім берудің сапасын айқындайтын басты факторлардың бірі, себебі мұғалім цифрлық технологияларды меңгеру арқылы әрбір оқушының жеке білім алу траекториясын қалыптастыра алады. Инклюзивті ортада педагог тек білім беруші ғана емес, цифрлық медиатор рөлін атқарады. Ол цифрлық құралдарды педагогикалық мақсатта тиімді қолдана білуі тиіс. Цифрлық құзыреттілік құрамына мыналар кіреді: адаптивті білім беру технологияларын меңгеру, дербес оқыту платформаларын басқару, цифрлық сауаттылық пен киберқауіпсіздік негіздерін білу, оқушылар мен ата-аналар арасындағы онлайн-коммуникацияны ұйымдастыру.

Педагогтің цифрлық құзыреттілігі мынадай қабілеттерді қамтиды:

- бейімделген цифрлық контент дайындау;
- интерактивті платформаларды тиімді пайдалану;
- онлайн оқыту және кері байланыс ұйымдастыру;
- цифрлық қауіпсіздік пен дербес деректерді қорғау мәдениетін сақтау.

Инклюзивті білім беруде цифрлық технологияларды енгізу үдерісі бірқатар ұйымдастырушылық, техникалық және әдістемелік мәселелермен қатар жүрсе де, бұл бағыттың даму перспективалары білім берудің қолжетімділігі мен сапасын жаңа деңгейге көтеруге мүмкіндік береді. Инклюзивті білім беруде цифрлық технологияларды қолданудың әлеуеті зор болғанымен, бірқатар қиындықтар да бар: техникалық жабдықтардың жеткіліксіздігі, педагогтардың цифрлық құзыреттілігінің төмендігі, контенттің қазақ тілінде бейімделмеуі, интернеттің қолжетімсіздігі (әсіресе ауылдық аймақтарда), педагогтардың цифрлық сауаттылығының әркелкілігі, интернет желісінің тұрақсыздығы жатады.

Осы мәселелерді мынандай шешу жолдары қарастырылады:

1. Педагогтарды цифрлық инклюзия саласында қайта даярлау және тұрақты семинарлар ұйымдастыру.

2. Қазақ тіліндегі арнайы мультимедиялық контент әзірлеу.

3. Әр облыста «Инклюзивті цифрлық білім беру орталықтарын» ашу.

4. Мемлекеттік және жекеменшік ІТ-компаниялардың серіктестігі арқылы инновациялық құралдарды мектептерге бейімдеу.

Соған қарамастан, бұл бағыттың перспективалары айқын. Алдағы жылдары ұлттық деңгейде бейімделген цифрлық білім беру платформаларын құру, арнайы педагогтар мен ІТ мамандардың бірлескен бағдарламаларын әзірлеу және қазақ тіліндегі инклюзивті контентті кеңейту жоспарлануы тиіс.

Болашақта инклюзивті цифрлық білім беруді дамыту бағыттары ретінде мыналарды атауға болады.

1. жеке оқу траекториясын автоматты түрде құратын жасанды интеллект жүйелері;

2. бейімделген VR-тренажерлар мен AR-көрнекіліктер;

3. эмоцияны тану және коммуникацияны дамытуға бағытталған қосымшалар;

4. қазақ тіліндегі инклюзивті платформалар (мысалы, “Digital Inclusion KZ”) сияқты жобалар жүзеге асуы мүмкін;

5. арнайы педагогика мен ІТ саласын біріктіретін кадрларды даярлау;

6. білім беру саясатында инклюзивті цифрлық экожүйені қалыптастыру.

Бұл тек оқу процесін жеңілдетіп қана қоймай, ерекше білім алушылардың әлеуметтенуіне, өзін-өзі тануына және қоғамға бейімделуіне үлкен мүмкіндік береді.

Сабақ барысында ерекше білім беруді қажет ететін балалармен жұмыс істеуде цифрлық технологияларды тиімді қолдану – заманауи білім беру жүйесінің басты міндеттерінің бірі. Бұл тек оқу процесін оңтайландыру емес, сонымен қатар әр баланың тұлғалық дамуына, әлеуметтенуіне және өз мүмкіндігін жүзеге асыруына жол ашатын маңызды қадам және ол тек ақпарат берудің тәсілі емес, әрбір баланың жеке қабілетін ашуға, оқу процесіне белсенді қатысуына мүмкіндік беретін психологиялық-педагогикалық қолдау жүйесі болып табылады.

Білім берудің цифрлық және инклюзивті бағыттарын ұштастыру — болашақтың мектебін қалыптастырудың басты шарты.

Цифрлық құралдар мен педагогикалық шеберлік үйлесім тапқан жағдайда, инклюзивті білім беру – нағыз әділетті және қолжетімді жүйеге айналады. Цифрлық технологиялар инклюзивті білім беруді жаңа сапалық деңгейге көтеретін маңызды фактор болып отыр. Олар ерекше қажеттіліктері бар балаларға білімге қолжетімділікті арттырып

қана қоймай, олардың әлеуетін ашуға, қоғамға толыққанды араласуына мүмкіндік береді. Сондықтан инклюзивті білім беру саясаты мен практикасы цифрлық трансформация үдерісінен тыс қалмауы тиіс.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңы. – Астана: ҚР Әділет министрлігі, 2007 (өзгерістер мен толықтырулармен, 2024 ж.).
2. Қазақстан Республикасында инклюзивті білім беруді дамытудың тұжырымдамалық тәсілдері. – Астана: ҚР Оқу-ағарту министрлігі, 2023.
3. Назарбаев, Н. Ә. Әлеуметтік-экономикалық жаңғырту – Қазақстан дамуының басты бағыты. – Астана, 2012.
4. Жұмаділова, Г. А. Инклюзивті білім беруде ақпараттық-коммуникациялық технологияларды қолдану ерекшеліктері. – Алматы: Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университеті, 2021.
5. Баймұратова, Р. К., & Ибраева, А. Н. Ерекше білім беруді қажет ететін балалармен цифрлық ортада жұмыс жүргізу әдістері. – Педагогика және психология, №3, 45–52 б., 2022.
6. Шалғынбаева, Қ. Б. Инклюзивті білім беруде педагогтің кәсіби құзыреттілігі. – Нұр-Сұлтан: Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ баспасы, 2020.
7. Еркемова, А. С. Инклюзивті білім беру үдерісінде цифрлық технологияларды тиімді пайдалану жолдары. – «Білім берудегі инновациялар» журналы, №2, 30–37 б., 2023.
8. Серікбаева, Д. Т. Цифрлық сауаттылық және инклюзивті педагогика: өзара ықпалдастық мәселелері. – Алматы: Ұлттық педагогикалық университеті баспасы, 2024.

УДК 372.854+004

USING DIGITAL RESOURCES PASS ONLINE AND ADMET LAB 3.0 FOR PREDICTING THE BIOLOGICAL ACTIVITY OF COMPOUNDS

Утегалиев Исламбек Аббатович

«7M01503 – Химия» 1 курс магистранты,
«Ахмет Байтұрсынұлы атындағы ҚӨУ» КЕАҚ
Қостанай қ., Қазақстан

Ергалиева Эльмира Мурзабаевна

PhD, профессор ассистенті
«Ахмет Байтұрсынұлы атындағы ҚӨУ» КЕАҚ
Қостанай қ., Қазақстан

Abstract

The research topic is of particular relevance in modern chemical and pharmaceutical science, as the use of in silico methods in the search and analysis of biologically active compounds makes the research process faster and more efficient. The use of digital resources PASS online and ADMET Lab 3.0 enables preliminary prediction of the pharmacological activity and pharmacokinetic properties of compounds. During the study, the PASS online platform was used to identify the potential pharmacological

МАЗМҰНЫ / СОДЕРЖАНИЕ



АЛҒЫ СӨЗ

Приветственное слово

Наурызбаева Эльмира Кенжегалиевна Ахмет Байтұрсынұлы атындағы Қостанай өңірлік университетінің Академиялық мәселелер жөніндегі проректоры, Басқарма мүшесі, тарих ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор (доцент)

3

ПЛЕНАРЛЫҚ БАЯНДАМАЛАР



ПЛЕНАРНЫЕ ДОКЛАДЫ

Жампеисова Корлан Кабыкеновна, Ішпекбаев Жанатбек Ешенқожаұлы, Увалиев Талгат Ошанович	Болашақ мұғалімдерді кәсіби оқытуда интерактивті оқыту	9
Eva Smetanová	Beyond knowledge: competence-based learning for the 21 st century professional	19
Мауленов Қалыбек Сапарұлы	Цифрлық дәуірдің метақұзыреттері: жасанды интеллектті саналы қолдану арқылы оқыту және өзін-өзі білімдендіру	25
Усольцев Александр Петрович	Гуманитарный потенциал естественнонаучных дисциплин	30

1 СЕКЦИЯ

БІЛІМ БЕРУ ОРТАСЫНЫҢ ТРАНСФОРМАЦИЯСЫ ЖАҒДАЙЫНДАҒЫ ФИЗИКАЛЫҚ БІЛІМ



ФИЗИЧЕСКОЕ ОБРАЗОВАНИЕ В УСЛОВИЯХ ТРАНСФОРМАЦИИ ОБРАЗОВАТЕЛЬНОЙ СРЕДЫ

МАЗМҰНЫ / СОДЕРЖАНИЕ

Абдирашидова Элмурадқызы, Нупирова Арайлым Маратовна	Дилнура	Физика сабағында жоба әдістемесін жүзеге асыру	35
Абишева Алина Муратовна, Серік Мария Мырзаханқызы, Бимагамбетова Купбергеновна	Баян	ЖИ мүмкіндіктерін биология - физика пәндерін инклюзивті оқытуда тиімді қолдану	42
Алдиярова Айгерим Сергазыевна		STEM-білім беру тәсілі: іске асырудың артықшылықтары мен қиындықтары	48
Алпеисова Карина Дулатовна, Телегина Оксана Станиславовна		Давление в спорте – способ сделать физику увлекательной	53
Ахмет Альфия Қайратқызы, Нупирова Арайлым Маратовна		Оқушылардың қисынды ойлауын дамытудағы физикадағы физикалық есептердің рөлі	58
Балацко Олеся Дмитриевна, Калакова Гульсим Кабдулловна		Роль учебного эксперимента при изучении свойств жидкостей	64
Бақытжан Гүлсезім Қайыржанқызы, Нупирова Арайлым Маратовна		Физика сабақтарында саралап оқыту технологиясын қолдану	71
Ейкель Алена Рафиковна		Создание виртуальных лабораторных опытов с использованием технологий искусственного интеллекта	76
Ельясов Казыбек Кайыржанович, Калакова Гульсим Кабдулловна		Использование интернета в учебном процессе по физике	84
Ерсултанова Зейнеп Сапарғалиевна, Ерсултанова Зауреш Сапарғалиевна		Электрлік тізбектерді компьютерлік модельдеу	90
Жақан Әміржан Қайыржанұлы		Разработка STEM-симуляторов по физике с использованием инструментов ИИ	96
Жусупова Алия Болатовна, Калаков Берген Абитович		Физика пәнінде функционалдық сауаттылықты арттыру	102
Касымская Анастасия Ивановна		Программа курса по выбору «Физика вокруг нас: наука в действии» для обучающихся 8-9 классов общеобразовательных школ как средство формирования функциональной грамотности критического мышления учащихся	108

Кузнецов Никита Алексеевич, Калакова Гульсим Кабдуллоевна	Визуализация физических процессов: роль эксперимента и цифровых технологий	113
Қалиева Жұлдыз Төлеуханқызы, Нупирова Арайлым Маратовна	Жаратылыстану пәндерімен кіріктіре оқытуда физиканың рөлі мен әдістемесі	118
Құдайберген Ботакөз Баймұратқызы, Рыстыгулова Венера Ботабаевна, Телегенова Ақбота Берікбайқызы, Кужуханова Жадра Асаутаевна , Саттыкова Бану Ержанқызы	Физикалық ұғымдарды қалыптастыруда жасанды интеллектке негізделген білім беру комикстерін қолданудың тиімділігі	123
Мурзахметова Даяна Азаматовна, Калакова Гульсим Кабдуллоевна	Формирование мыслительных и познавательных навыков при изучении физики в классах гуманитарного профиля	131
Нупирова Арайлым Маратовна	Төңкерілген сынып» технолоиясы физика сабағында тәуелсіздікті дамыту құралдарының бірі ретінде	135
Оразалинова Дамелі Қаирбекқызы	Физика пәннің сабақтарында жасанды интеллект, виртуалды зертханаларын пайдалану	141
Пепке Влада Станиславовна, Телегина Оксана Станиславовна, Тастанов Мейрамбек Габдуалиевич	Проблемно-исследовательский подход как средство формирования познавательской активности учащихся на уроках физики	147
Репке Vlada Stanislavovna, Tastanov Meirambek Gabdualievich, Mongotov Kazbek Bergentaevich	The influence of research activities on the formation of motivation for studying Physics	155
Райн Полина Александровна, Калакова Гульсим Кабдуллоевна	Средства, методы и формы обучения физики, ориентированного на формирование универсальных учебных действий	162
Ребик Анастасия Викторовна, Телегина Оксана Станиславовна	Современные подходы к организации лабораторных работ по физике в общеобразовательной школе	167
Сапиева Дарина Мухтаровна, Нупирова Арайлым Маратовна	Физика сабақтарында оқушылардың оқу сауаттылығын қалыптастыру жолдары	173
Сармурзина Айнура Нурбековна, Калакова Гульсим Кабдуллоевна	Автомобиль как объект изучения физических явлений в школе	177
Сафронов Андрей Викторович , Майер Федор Федорович	Интерактивные симуляции как средство актуализации учебного процесса на уроках физики	186
Ховалкина Александра Алексеевна, Телегина Оксана Станиславовна	Разработка методики внедрения систем искусственного интеллекта в процессе преподавания физики	191
Шваб Михаил Иванович, Езехель Евгения Александровна	Интеграция элементов нейрогимнастики и физической культуры в обучение физике в условиях инклюзивного образования	198

Секция 2

ЖИ ДӘУІРІНДЕГІ МАТЕМАТИКА: ҚАЗІРГІ ЗАМАҢҒЫ МӘСЕЛЕЛЕРДЕН БОЛАШАҚТЫҢ БІЛІМІНЕ ДЕЙІН



МАТЕМАТИКА В ЭПОХУ ИИ: ОТ СОВРЕМЕННЫХ ПРОБЛЕМ ДО ОБРАЗОВАНИЯ БУДУЩЕГО

МАЗМҰНЫ / СОДЕРЖАНИЕ

Абилова Кунель Аледдин-гызы, Готфрит Валерия Фридриховна	Оценка эффективности визуальных методов обучения математическим концепция и глубины усвоения материала учащимися	203
Аменова Айнура Бауржановна, Козова Жанар Косылбаевна, Пастушенко Марина Владимировна	Интерактивные технологии на уроках математики как способ повышения мотивации учащихся	208
Асканбаева Галия Баймухаметовна, Алимбаев Алибек Алпысбаевич, Еришева Асыл Аубакировна	Планиметриялық есептерді шешуде координаталық әдістің қолданылуы	213
Байгабулова Карина Еркиновна, Испулов Нурлыбек Айдарғалиевич	Тасымалдау және конвекция-диффузия теңдеуін шешудің сандық әдістері: дәлдігін, тұрақтылығын және есептеу тиімділігін талдау	218
Байканова Дана Куанышқызы, Темерханова Асемгуль Есмхановна, Есенгазина Жанар Иргебаевна	Искусственный интеллект в обучении математике: возможности и риски	225
Байшалганва Алина Сергеевна	Как информационные технологии на уроке математики помогают преодолеть дискалькулию	233
Болат Дамир Еркінұлы, Демисенова Женискуль Сейтжановна	Зачем нужна производная	238
Гриб Марина Викторовна, Рсалина Саржат Мухамбеткалиевна	Взаимодействие учителя математики и логопеда в развитии математической речи у учащихся с ЗПР И ТНР	244
Демисенова Женискуль Сейтжановна, Есмаганбетова Гильмира Абильтаевна	6-сынып оқушыларын математикалық модельдеуге үйретуде STEM-жобалардың тиімділігі	248
Ережел Нұржігіт Айдарұлы, Раисова Гульшат Тлеубаевна	Математикадан сыныптан тыс сабақтарда цифрлық құралдарды қолдану арқылы 5–6-сынып оқушыларының танымдық белсенділігін арттыру	252
Жумасаева Бибигуль Сагандыковна, Жумасаева Асель Сагандыковна	Математика мен жи:қазіргі қиындықтар және жаңа мүмкіндіктер	260
Кабиева Алтынгүл Марксовна	Математика пәнін оқытуда жасанды интеллект мүмкіндіктері	264

Калиева Молдир Буркитовна, Раисова Гульшат Тлеубаевна	Математика сабағынан тыс іс-шараларда 5-сынып оқушыларының қарым-қатынас дағдыларын қалыптастырудағы рөлдік және топтық жұмыстың мүмкіндіктері	269
Кункабаева Аяжан Нурболовна	Геометрия сабақтарында жобалау қызметі арқылы математикалық ойлауды дамыту	273
Медведева Мария Михайловна	Особенности организации урока математики для детей с нарушениями слуха в условиях инклюзивного образования	280
Муратова Рушан Ринатовна	Современные цифровые ресурсы и технологии для инклюзивного обучения математике	286
Назарова Айгуль Айдеркановна	Математика и искусственный интеллект: практические подходы к формированию функциональной грамотности студентов	294
Раисова Гульшат Тлеубаевна, Дауренбекова Айгуль Талгатовна	Возможности цифровых образовательных технологий для формирования готовности к конструктивному взаимодействию у будущих учителей математики	300
Тапал Ұлбосын Бектепбергенқызы, Гусева Марина Владимировна, Бисебаева Айжан Кайратовна	Искусственный интеллект в математическом образовании: инструменты, кейсы, вызовы	307
Тастанова Акбота Жумагалиевна, Абишева Нурсулу Биржановна	Логикалық математикалық есептер негізінде оқушылардың аналитикалық және зерттеушілік қабілеттерін қалыптастыру	313
Төремаханова Гүлмира Қалмұратқызы	Математикада цифрлық және интеллектуалды технологияларды қолдану	324
Тукенова Камар Аманкелдиевна, Алимбаев Алибек Алпыспаевич	Проблемалық оқыту технологиясы негізінде оқушылардың ездігінен білім алу дағдыларын дамыту	329
Туманова Канагат Мулдачевна	Математика в эпоху ИИ: от современных проблем до образования будущего	334
